

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 6 (726) 2.2. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

САУД АРАБИЯСЫНЫҢ ИНВЕСТИТОРЛАРЫ ҚОНАЕВТА КОЛЛЕДЖ АШУ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАСТЫРЫП ЖАТЫР



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІНДЕ ХАНЗАДА МҰХАММЕД БИН ФАХР БИЗНЕС-ӘКІМШІЛІК КОЛЛЕДЖІНІҢ ӘКІЛДЕРІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ КЕҢЕСШІСІ САМАТ АҚЫЛБЕКОВПЕН ЖӘНЕ ӨНІРЛІК ДАМУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ӘКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ.

Сауд Арабиясының инвесторлары араб елдерінің білім беру бағдарламасын қолдана отырып, аймақта білім беру

кластерін дамытуды жоспарлап отыр. Нақтырақ айтқанда, кездесу барысында Қонаев қаласында бизнес-әкімшілік

колледжінің филиалын ашу мәселесі талқыланды.

Ханзада Мұхаммед бин Салманның бизнес және кәсіпкерлік колледжі (MBS) Меккедегі Король Абдалланың экономикалық қаласында орналасқан. Бұл Сауд Арабиясындағы аспирантура деңгейінде, сондай-ақ мекемені басқару туралы білім беретін алғашқы колледж.

1970 ЖЫЛЫ 3 ШІЛДЕДЕ ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАҢАДАН ЖАСАЛҒАН БАС ЖОСПАРЫНЫҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН ЖОБАНЫҢ БАС СӘУЛЕТШІСІ ВИКТОР БОРИСОВИЧ ЧАДОВ БАСТАҒАН ЖОБАЛАУШЫЛАР ТОБЫ КЕЛІП, ІЛЕ АУДАНЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ. ОСЫ БАСҚОСУДА БАС АРХИТЕКТОР СЕРГЕЙ НИКОЛАЕВИЧ КУЦЕЛЬДИҢ ҚОСЫМША ЕСЕБІ ТЫНДАЛДЫ.

ЖАРТЫ ҒАСЫР БҰРЫН ҚАБЫЛДАНҒАН

**Қонаев қаласының
бас жоспарында не айтылды?**

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1970 жылғы 9 шілдедегі Жарлығына сәйкес, Илийск поселкесі Қапшағай қаласы болып аталуына байланысты қаланы одан әрі дамыту үшін қажетті жағдай жасау, оны жоспарлау мен құрылыс сапасын жақсарту, сондай-ақ еңбекшілердің жаппай демалуы үшін су қоймасының жағалау белдеуін пайдалануды ретке келтіру мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1970 жылдың 20 шілдесінде «Қапшағай қаласының құрылысын жақсарту, абаттандыру және одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» №442 санды қаулы қабылдады.

Осы қаулыны орындау бойынша Алматы облыстық атқару комитеті Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыстың 1970 жылғы 7 тамыздағы №253 санды бұйрығына сүйене отырып, 1970 жылғы 15 қыркүйекте арнайы шешім қабылдап, қала құрылысының бірінші кезегін 1975 жылға, екінші кезегін 1980 жылға дейін белгіледі.

Бас жоспар бойынша келешекте демалыс базаларының орталығы Қапшағай су қоймасының ағысына қарай бой түзейтін сәулетті мекен - Жаңа Іле қаласы болады деп атап көрсетілді. Оның шағынаудандарының әрқайсысы 10-15 мың адамға есептелді. Ал қала орталығындағы ықшамаудандарға мәдени ағарту, сауықтыру, физкультура-спорт, балалар мекемелері, мектептер мен интернаттар және коммуналдық кәсіпорындар, мәдениет үйі мен кітапханадан басқа мәдениет мекемелері, дәмханалар мен мейрамханалар, қалалық стадион қарастырылды. Қала келбетін одан әрі айшықтандыра түсу үшін жиырма қабатты зәулім үйлер салу, теңіз жағасынан қаланың батыс жағына қарай тоғыз шақырымға созылған ені бес жүз метрлік орманды алқап отырғызу бас жоспарға енгізілді.

Қаланың жаңа бас жоспары аудандық кеңестен бастап облыстық атқару комитеті мен облыстық партия комитетінде, облыстық архитектураның ғылыми-техникалық кеңестерінде қаралып, Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс, Қазақ Министрлер Кеңесі алқасына ұсынылды. Одан кейін бас жоспар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің алқасында қаралып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев танысқаннан кейін орындалған жұмысқа «жақсы» деген баға берілді. 1971 жылғы 25 наурызда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі № 161 санды қаулы қабылдап, Қапшағай қаласының бас жоспарын бекітті.

Ғалымдар Қапшағай су қоймасы жағалауының климатын Қара теңіздегі Сочи, Ялта шипажайларымен салыстырып, мұндағы ашық аспан астындағы таза ауа, ыстық құм, күннің мол сәулесі Қара теңіз жағалауынан кем түспейді деп баға берді. Жас қала өзінің көркімен ғана емес, сонымен қатар табиғатымен де кез келген еліміздегі курортты қалалар мен бәсекеге түсе алады, Қапшағай маңы республика еңбекшілерінің сүйіп тынығатын демалыс орындарына айналады деген тоқтамға келді.

«Өткенге - құрмет, өскенге - өнеге» деген сөз төркініне жүгінсек, туған жерін түлеткен ұлы тұлғаның қадіріне жетіп, құрмет көрсету бізден болса керек. Сол арқылы жас құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан кейінгі буын жастарға Димаш ағаның өнегелі өмір жолдарын таныта аламыз.

ҚАЛАНЫҢ КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫН ЖОБАЛАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ УРБАНИСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕРІН ЖОБАЛАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ МЕН ОБЛЫС ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТКІЗІЛДІ.

Қонаев қаласының урбанистикалық даму жоспары қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы

жағдай жасау, тарихи орталықты жаңғырту және рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану ортақ мақсатпен біріктірілген бірнеше кезеңді қамтиды.

(Жалғасы 3-бетте)

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ



ЕЛІМІЗДЕ ЖУРНАЛИСТІҢ ЖҰМЫСЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІНДЕРГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙТІЛЕДІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ «ҚР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫНА РЕТТЕУШІЛІК САЯСАТТЫҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚҰЖАТЫН ӨЗІРЛЕДІ.

Онда көрсетілгендей, кодекске журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасаған үшін жауапкершілікті күшейту нормасы енгізілмек.

«Статистикаға сәйкес, соңғы 5 жылда ҚР Қылмыстық кодексінің 158-бабы (журналистің заңды кәсіптік қызметіне оны ақпарат таратуға мәжбүрлеу не оны таратудан бас тарту арқылы, сол сияқты журналистің заңды кәсіптік қызметін орындауына кедергі келтіретін не оны осы мүмкін-

діктен толығымен айыратын жағдайлар жасау арқылы кедергі жасау) бойынша сотқа дейінгі тергеудің небәрі 9 фактісі тіркелді. Бұл бірінші кезекте әкімшілік жауапкершілікті қосымша енгізу қажеттігін көрсетеді», – делінген құжатта.

Мұны жүзеге асыру үшін министрлік журналистің кәсіби қызметін реттейтін Қылмыстық кодекстегі 158-баптың бірінші бөлігін Әкімшілік құқық бұзу туралы кодекске көшіреді.

ПИЯЗ ЭКСПОРТТАУ УАҚЫТША ТОҚТАТЫЛДЫ

Сыртқы сауда саясаты және экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомстволарлық комиссия пияз экспортына 3 ай мерзімге тыйым салу туралы шешім қабылдады. Бұл пияздың Қазақстаннан жаппай шығарылуын болдырмау және оның бағасын тұрақтандыру үшін жасалды.



Үшінші елдердің қазақстандық пиязға деген сұранысы Азия мен әлемдегі ең ірі пияз өндірушілердің бірі - Пәкістандағы табиғи апаттармен байланысты. Бұл елдегі су тасқыны әлемде, оның ішінде біздің елдің нарығында пияз бағасының өсуіне әкелді. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде, сондай-ақ Өзбекстанда өнімнің қатты аязда үсіп кетуі оның құнына қосымша салмақ болып отыр. Осылайша, пияз-

дың негізгі өндірушілері енді қазақстандық өнімді белсенді түрде импорттап жатыр, - делінген ведомство таратқан ақпаратта.

Әкімдіктердің деректеріне сәйкес бүгінгі күні елімізде пияздың расталған қоры 152,4 мың тоннаны құрайды, бұл өткен жылғы егіннің жалпы көлемінің 14% ғана. Бұл көлем жаңа өнім жиналғанға дейін жеткілікті, сондықтан экспортқа енгізілген шектеулер Қазақстаннан қалған пиязды әкету тәуекелдерін болдырмайды.

Айта кету керек, республикада пияздың көтерме бағада бір келісі 150-170 теңгені құрайды, ал көршілес Ресей мен Өзбекстанда баға 240 теңге көлемінде тұрады.

Фермерлер үшін пияз экспортына тыйым салудың жағымсыз салдарын азайту үшін бүгінгі күні ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден пиязды ӘКК арқылы тұрақтандыру қорларына, сондай-ақ сауда желілері арқылы айналым схемасы арқылы сатып алудың әртүрлі тетіктері іске асырылып жатыр.

МЕКТЕПТЕРДЕ АТА-АНАЛАР АКАДЕМИЯСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

БИЫЛ ЕЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АТА-АНАЛАР АКАДЕМИЯСЫ ҚҰРЫЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЛҚА ОТЫРЫСЫНДА МИНИСТР ҒАНИ БЕЙСЕМБАЕВ АЙТТЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ВАQ.KZ ТІЛШІСІ.

Ата-аналар баласының біліміне сенімді болуы керек. Біз осы бағытта көп жұмыс істеуіміз керек. Білім беру сапасын сырттай, тәуелсіз бағалау жүйесі аса қажет, мектептердің аттестаттау жүйесін реттеу арқылы, диагностикалық бағытта жұмысты күшейтеміз, - деді Ғани Бейсембаев.

Ол министрлік мектептермен бірге мұғалімнің формативті бағалауы мектеп-ішілік бақылауда, оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізуде, мемлекеттік аттестация кезіндегі білім кесінділерінің арасындағы алшақтықтың азаюын қамтамасыз ететінін хабарлады.

Ата-аналармен жұмыстың мазмұны мен форматы трансформациялануы керек, мектепті басқару ісіне ықпал етуін дамыту арқылы оларды мектепке тарту, қызықтыру бағытындағы жұмыстар қолға алынуы тиіс. Биылдан бастап мектептер жанынан тұрақты жұмыс істейтін ата-аналар академиясы құрылады, - деп түсіндірді Оқу-ағарту министрі.

Министр әлемдік дағдарыстар сынағынан өттік, ендігі ортақ міндетіміз – Мемлекет басшысының стратегиялық бағытының сабақтастығын қамтамасыз ету екенін айтты.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ АУЫЗДЫҚТАУҒА СЕПТІГІ ТИЕТІН ШАРАЛАР



АДАМ БАЛАСЫНА ЕРТЕДЕН ТАНЫС БОЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БІРІ - СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ. БҰЛ ҚАУІПТІ ДЕРТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУГЕ, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тапжылмайтын қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған осы бір қауіпті кеселді ауыздықтау мақсатында Қонаев қалалық №3 орта мектепте бірқатар шаралар қолға алынып, жүзеге асырылуда.

Солардың бірқатарына тоқталар болсақ, ағымдағы оқу жылында Қонаев қалалық №3 орта мектепте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орта білім департаментінің хатына сәйкес және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатын-

да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес танымын қалыптастыру» тақырыбында мектеп-ішілік іс-шара өткізілді. Негізгі мақсаты - жастар ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Сонымен бірге 5-8 сыныптар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес танымын қалыптастыру» сынып сағаттары өткізілді. Сондай-ақ, мектеп мұғалімдері Ж.Нарымбаева мен А. Мархабаева 9-сыныптар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында баяндама жасап, дәрістер оқыды.

10-11 сыныптар арасында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық

көріністерінен туындайтын қауіп-қатер мен құқықбұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу, зардаптарын жоюға арналған «Болашаққа түзу қадам басайық!» атты дөгелек үстел өткізілді. Шара барысында Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен салдарларын нақты бағалап, осы қауіпті құбылыспен қатаң және шешуші түрде ымырасыз әрі жан-жақты жоспарлы күресті басты мақсат етіп отырғандығы әңгіме арқауына айналып, жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты сөз болды.

Мектеп қабырғасында қоғамның жегіқұртына айналып отырған індеттің алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізетін болсақ, өскелең ұрпақтың бойына рухани адамгершілікті, ізгілікті, кішіпейілділікті қалыптастыра алатынымыз анық. Осы орайда білім ордасында өткен сынып сағаттары, дәрістер мен семинарлар секілді әрбір шараның сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға септігін тигізетіні даусыз. Олай болса, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» деп ұран тастап, болашаққа жаңа қадам басайық!

**А. МҰХАМЕДИЕВА,
№3 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЛАР – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҒЫЛЫМИ – ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА ТАРТУ ЖӘНЕ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ТАРАТУДЫҢ НЫСАНЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОҚУШЫ БОЙЫНА БІРТІНДЕП БЕРІЛГЕН БІЛІМ НЕГІЗІНДЕ, ҰСТАЗ ШЕБЕРЛІГІНІҢ, ҰЗАҚ ЖЫЛДЫҚ ЕҢБЕК НӘТИЖЕСІНДЕ БЕРІЛЕТІНІ АНЫҚ. ОСЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БАСТЫ ӘРЕКЕТ - САБАҚ БЕРУ.

КОЛЛЕДЖДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ

Жақында Заречный ауылындағы кәсіптік - техникалық колледжінің әдістемелік жоспарына сәйкес, инженер – педагогикалық қызметкерлерінің арасында колледжішілік «Педагогтің кәсіби құзыреттілігі - оқу мен оқытудың тиімділігін арттыру негізі» тақырыбында педагогикалық оқу өткізілді. Байқаудың ережесі құрастырылып, колледж директорымен бекітіліп, алдын ала оқытушылар таныстырылды.

Педагогикалық оқудың мақсаты мен міндеттері:

1. Тиімді, талантты жұмыс істей білетін және өзінің практикалық тәжірибесімен бөлісе алатын белсенді және дарынды педагогтарды анықтау және мадақтау.
2. Инженер – педагог қызметкерлердің озық тәжірибесін тарату
3. Оқытушылар мен педагогикалық ұжым арасында қарым – қатынасты жандандыру, тәжірибе алмасу
4. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа оқыту әдістемесін енгізу және тарату.

Педагогикалық оқуға колледждің барлық инженерлік – педагогикалық қызметкерлері қатысты.

Педагогтардың материалдары келесі өлшем шарттар бойынша бағаланды:

- тақырыптың өзектілігі және мазмұнның тереңділігі,
- интербелсенді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану шеберлігі,
- ойдың ғылымилығы,
- тәжірибелік құндылығы, нәтижелілігі,
- материалды рәсімдеу тәртібі.

Ұсынылған материалдарды критерийлерге сәйкес бағалап, жеңімпаздарды анықтайтын қазылар алқасы колледж әкімшілігінен сайланды.

Нарықтық экономика пәнінің оқытушысы А. Ашабаева «Замауи педагогтің кәсіби құзыреттілігі арқылы білім алушылардың білімін шыңдау», арнайы пән оқытушылары М. Рахымбаева «Нәтижеге бағытталған білім берудегі тиімді педагогикалық технологиялар», К. Керімбеков «Применение технологий критического мышления на занятиях специальных дисциплин», О. Ахметов «Критериальное оценивание как инструмент повышения качества знаний учащихся», Е. Касенов «Применение информационных технологий для повышения качества знаний студентов на уроках теоретического обучения», А. Ашабаев «Білім берудегі инновациялық жаңа технологияларды қолдану», Д. Ишмұханбетов «Коммуникативные технологии обратной связи», Б. Тұңғышбаев «Сабақта қолданылатын жаңа әдіс тәсілдердің түрлері», кәсіптік ағылшын тілі пәнінің оқытушысы С. Кульдибаева «Педагогтің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру жолдары», өндірістік оқыту шебері Э. Стамова «Системный подход в обучении как средство формирования профессиональных компетенций обучающихся по профессии «Швея» тақырыптарында баяндамаларын ұсынды.

Педагогикалық оқуда қатысушылар өздерінің баяндамаларын жасай отыра презентацияларын назарға ұсынды, сонымен қатар әр қатысушы өзінің тақырыбын бекіту мақсатында оқытушыларға тапсырмалар дайындап келіп, орындауға ұсынды. Мысалы айтқанда, арнайы пән оқытушысы Б. Тұңғышбаев «Сабақта қолданатын әдіс тәсілдеріңізге мысал келтіріңіз», арнайы пән оқытушысы А. Ашабаев «Инновациялық технологияларға не жатады? Сабақта қандай түрін қолданасыз?» деген сұрақтар беріп, оқытушылар тәжірибелерімен бөлісіп, ойларын ортаға салды. Ал өндірістік оқыту шебері Э. Стамова «Слова спрятались», «Кто больше?», «Собрать пазл», «Черный ящик» тапсырмаларын ұсынып, оқытушыларға орындатты.

Педагогикалық оқу нәтижесінде: нарықтық экономика пәнінің оқытушысы А. Ашабаева I дәрежелі, өндірістік оқыту шебері Э. Стамова II дәрежелі, кәсіптік ағылшын тілі пәнінің оқытушысы С. Кульдибаева III дәрежелі дипломдарымен және арнайы сыйлықтарымен марапатталды. Сонымен қатар, қалған қатысушыларға жеке номинациялар беріліп, Алғыс хатпен марапатталды.

А. МАМЫРБАЕВА,
Заречный ауылындағы
кәсіптік - техникалық колледжінің
әдіскері

ҚАЛАНЫҢ КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫН ЖОБАЛАУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қала құрылысын дамытудағы негізгі міндет - қаланың жалпы сәулетіне қайшы келмейтін және облыс орталығының жаңа келбетін қалыптастыратын ортақ стильде және концептуалды ансамбльде қалалық ортаның жаңа кеңістігін құру және қолданыстағыларын жаңғырту болып табылады.

Бірінші кезеңде қалаға кіре берістігі А-3 тас жолынан кіретін жерін жаңарту жоспарлануда. Алдағы таңда келесідей жұмыстарды атқару көзделген: «ҚОНАЕВ» қаріптік композициясын орнату; Облыстың символы ретінде қар барысы бейнеленген композиция орната отырып, бұрылу ілмегінің ішіндегі аумақты абаттандыру, сондай-ақ, кіреберіс қақпаны жаңарту.

Қонаев даңғылы бойынша қалаға кіреберіс жерден бастап әр түрлі функционалдық қоғамдық кеңістіктер, оның ішінде жаңа инфрақұрылымы бар жаяу жүргіншілер аймақтары, мамандандырылған балалар

және спорт алаңдары, күннен қорғайтын шатырлары, орындықтары мен өткеншектері бар демалыс аймақтары құрылатын болады. Д.Қонаев монументі жанындағы алаң да жаңғыртылуда.

Қоғамдық тыңдаулар нәтижесінде Кеңес қаланы дамыту жоспарын қабылдады. Сондай-ақ, оны іске асыру шеңберінде мынадай шешім шығарды:

Қонаев даңғылынан алынған 1500 шаршы метр көлеміндегі бөлшектелген тастарды одан әрі әлеуметтік нысандарда пайдалану мақсатында қоймаға қою және уақытша сақтау;

- Қонаев даңғылында бұрын егілген және өңін жақсы сақтаған көгалды қайта отырғызу;

- Қонаева көшесіндегі нақты орындалған жұмыстарға ғана ақы төлей отырып, кепілдік міндеттемелеріне сәйкес 1000 шаршы метр қурап қалған аумақты көгалдандыру міндеттелсін.

**Алматы облысы әкімінің
баспасөз қызметі**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҮЗДІК ТҮЛЕКТЕРІ КОНКУРССЫЗ ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУДЕ АРТЫҚ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕН ШЫҒУ ТӨРТІБІН ЖЕҢІЛДЕТУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС АГЕНТТІКПЕН ЖАҢА ТӘСІЛДЕР ӨЗІРЛЕНІП, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ҚАЖЕТТІ ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗІЛДІ.

Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев мемлекеттік органның 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша кеңейтілген алқа отырысында баяндады.

Біріншіден, мемлекеттік грантпен оқу орындарын аяқтаған үздік түлектер аудан мен ауылда төменгі лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындалатын болады. Бұл білікті жастар



ды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, жас мамандардың аудан мен ауылдық аймақтарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп, мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдетеді.

Екіншіден, «Б» корпусының жоғары лауазымдарына уәкілетті органның келісімімен конкурстық іріктеусіз тікелей тағайындау мүмкіндігі беріліп отыр. Бұл бірінші басшылардың өз қызметшілері үшін жауапкершілігін арттырады.

Үшіншіден, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жоғары үлгерімін көрсеткен түлектері оқуды бітіргеннен

кейін бір жыл ішінде елорданы қоспағанда, Жергілікті органдарға жекелеген лауазымдарға конкурстық іріктеусіз тағайындау қарастырылды.

Төртіншіден, екі тоқсан бойы тиімсіз деп бағаланған қызметшілердің лауазымы төмендетіледі, ал төменгі бос лауазым болмағанда – қызметтен шығарылады. Бұл аппаратты тиімсіз мемлекеттік қызметшілерден босатуға ықпалын тигізіп, мемлекеттік қызметтен шығу тәртібін жеңілдетеді.

**ҚР Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
баспасөз қызметі**



ЕСТЕН КЕТПЕЙТІН ҮШ КЕЗДЕСУ

ҚОНАЕВТЫҢ ДӘУІРІНЕН САБАҚ АЛҒАН БІЗДЕР, ЯҒНИ АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІ ТАРИХИ ТҰЛҒАНЫҢ ДАНАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫН, ПАРАСАТ-ПАЙЫМЫН ҰРПАҚА ҮЛГІ ЕТЕР ҰЛАҒАТЫН ҚАСТЕР ТҰТТЫҚ. ЗАМАН ТАРАЗЫСЫНДА ҒАЖАЙЫП ҒҰМЫР ИЕСІНІҢ ӨМІР ӨТКЕЛІНЕН, КІСІЛІК МЕКТЕБІНЕН ТАҒЫЛЫМ АЛҒАН, ЖАҚСЫЛЫҒЫН ЖАНЫМЕН СЕЗІНІП, ҚАМҚОРЛЫҒЫН КӨРІП, ҚАНАТТАНҒАН БІЗДЕРДІҢ ОҒАН ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІМІЗ АРТПАСА СУЫҒАН ЕМЕС. ОҒАН ДЕГЕН ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫМЫЗДЫҢ ӘЛІ КҮНГЕ ӨШПЕЙ КЕЛЕ ЖАТҚАНДЫҒЫ ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫНДА ДЕП БІЛЕМІЗ.

Мен Дінмұхамед ағамен жолым түсіп үш рет кездестім. Алғашқы рет 1965 жылы Шеңгелді ауылдық Кеңесінде есепші болып жүргенімде көрдім. Ауылға келген сол сапарында Димаш аға: «Келешекте Шеңгелді массиві суландырылып, қазіргі тусырап жатқан мына дала бау – бақшаға айналады. Жаңадан совхоздар ұйымдастырылады» деп айтқан әңгімесін жиында отырып тыңдадым.

Ол кезде Димекеннің айтқан әңгімесі біздерге ертегі сияқты болып көрінгені рас. Қапшағай ГЭС-нің құрылысы жаңадан басталып жатқан кез болатын. Арада жылдар өткенде оның қиял емес, шындыққа айналғандығына баршамыздың көзіміз жетті.

Екінші реттегі кездесуім 1980 жылы шілде айында Шеңгелді ауылдық Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарып жүргенімде сәті түсті. Бұл Шеңгелді алқабының игеріліп, Кербұлақ пен Сарбұлақ ауылдары қатар бой түзеп, шаруашылықтары дәуірлей бастаған тұс еді.

Дінмұхамед Ахметұлы Алматы облысының бірінші басшыларымен бірге асықпай шаруашылықты аралап келіп, халықпен кездескен сәттердің бірінде тосыннан естелік суретке түсу бақыты еншіме бұйырды. Сондағы мына суретте: Димекеннің сол жағында тұрған Алматы облыстық партия комитетінің бірінші

хатшысы Кеңес Аухадиев, мен, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Владимир Беляев, республика Қауіпсіздік комитеті бастығының орынбасары (арада көп жылдар өткендіктен аты-жөнін ұмытып қалдым), «Шеңгелді совхозы партия ұйымының хатшысы Шайзада Рүстемов, Димаш ағаның оң жағындағы «Алматы» колхозының директоры Владимир Смыков, осы колхоздың №5 бригадасының бригадирі Михаил Югай еді. Қас-қағым сәтте фотообъективке ілінген баға жетпес құнды суретті содан бері көзімнің қарашығындай сақтап келемін.

Үшінші рет 1986 жылдың жазында Шеңгелді ауылына келіп, егістікті асықпай аралап, 2 насосқа арнайы атбасын бұрды. Одан кейін совхоз бен шаруашылық басшыларына жинап кеңес өткізіп Алматыға қайтып кетті.

Осы үш кездесуде мен Димекеннің бойындағы асқан қарапайымдылыққа толы қасиетіне тәнті болдым. Ол барған жерінде алдымен ақсақалдармен амандасқанан кейін жайдары күліп тұрып, жиналған халықпен емін – еркін әңгімелесіп, ауыл адамдарына «Менен қандай көмек керек?» деп сұрайтын. Осы бір ауыз сөздің өзі халықтың мерейін тасытып, төбелерін көкке жеткізгендей рахат күйге бөлейтін. Ішпей – жемей риза болатын.


«Сүйегінен адал, парасатты, гуманист Димекеннің жүзінен нұры, мейірімнің балы тамып тұрушы еді. Алды кең, өңі жылы болатын. Қарапайым, күлкісінен мейірім, шапағат шашып тұратын. Ол кісі күлгенде тоң жібіп, мұз еріп, әлемнің өзі түгел күлгендей болушы еді. Артық сөз айтпайтын, баппен сөйлейтін. Көп тыңдайтын, төзімді, дана кісі еді» деген мемлекет қайраткері, ғалым Мырзатай Жолдасбековтың жүрекжарды пікірінен асырып мен айта алмаспын.

Еліміздің тарихында ұлтымыздың мақтанышы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінен кейінгілерге қандай жағдайда да адал адам болудың, елге беріле қызмет атқарудың жарқын үлгісін көрсетіп кетті. Менің көңілімнің төрінде Димаш ағаның тау тұлғалы бейнесі, кішілігі мен кісілігі, адами қасиеті, болмыс - парасаты мәңгілікке сақталып қалды. Оның рухына тағзым етуді мен ешқашан ұмытқан емеспін. Ұмытпаймын да.

**Амангелді БЕСПАЕВ,
Алматы облыстық
Қазақстан халқы
Ассамблеясының
ақсақалдар кеңесінің
төрағасы,
Қонаев қалалық ардагерлер
кеңесінің төрағасы,
Қонаев қаласының
Құрметті азаматы**

ВЗГЛЯД

ИНДИЙСКИЙ ПИСАТЕЛЬ РАБИНДРАНАТ ТАГОР ЗАМЕТИЛ: « Я ПОПРОСИЛ ДЕРЕВО: «СКАЖИ МНЕ О БОГЕ». И ОНО ЗАЦВЕЛО...» УДИВИТЕЛЬНО, ВСЕ ТВОРЕНИЯ СОЗДАТЕЛЯ ОДНОЗНАЧНО МОЖНО ОТНЕСТИ К ПРОИЗВЕДЕНИЯМ ИСКУССТВА. ВСЕВЫШНИЙ ПОДАРИЛ ЧЕЛОВЕЧЕСТВУ ВЕЛИКОЛЕПНЫЕ СОСНОВЫЕ БОРЫ, БЕРЕЗОВЫЕ РОЩИ, ПЛАКУЧИЕ ИВЫ У ПРУДОВ, РАСКИДИСТЫЕ ТОПОЛЯ И МОГУЧИЕ ДУБЫ У ПОДНОЖИЯ КОТОРЫХ УСТАЛЫЙ ПУТНИК МОЖЕТ ОТДОХНУТЬ В ТЕНИ ИХ КРОН.



Моему герою – ценителю природы қонаевцу Станиславу Брыкову очень близко высказывание писателя Радханатха Свами об окружающем нас мире: «Видишь это дерево? Оно терпеливо сносит палящий летний зной, а само дает нам тень. Оно терпит лютой холод, снабжая нас дровами, чтобы мы согрелись, оно может простоять несколько месяцев без капли влаги, одновременно принося людям сочные плоды, чтобы они утоляли жажду, — и всё это без единой жалобы! Нам надо учиться терпению у дерева. Надо стать смиреннее травинки, терпеливее дерева, высказывать искреннее уважение другим и не ожидать никакого уважения в ответ».

Станислав - хэндмейкер, яркая, творческая личность, имеет третий разряд по спортивному туризму и девиз по жизни: «У Вас есть паруса, а Вы вцепились в якорь!» Он воплощает в реальность эксклюзивные идеи, давая второе рождение незамысловатым, ничем непримечательным, отторгнутым природой деревьям. Автор мегастильных поделок, вызывающих восторг и восхищение у ценителей его творчества.

Как сказал в тему Уильям Блейк: «Дерево, вызывающее у иного слезы радости, в глазах другого – просто зеленое препятствие на пути. Каков

человек, так он и видит». Станислав черпает вдохновение у природы. Практически все изготовленные им изделия предназначены для дома. Это свидетельствует о теплоте его души и оптимистичном «солнечном» взгляде на жизнь. Его трудолюбивые родители Александр и Наталья родом из Талдыкорганской области, села Андреевка. Сам он окончил среднюю школу №1, посещал там кружок рисования. Школьные годы оставили добрые воспоминания об учителях. Есть желание подарить школе что-нибудь полезное и памятное.

Творческие гены проявились по наследству от дедушки Василия - известного в Капчагае столяра-краснодеревщика по материнской линии. В то время, когда ровесники Станислава мечтали стать космонавтами и пожарными, он с наслаждением вдыхал запах свежеспиленных деревянных стружек. Именно тогда мальчишка запала в душу благородная профессия. Предок Василий был востребованным столяром. Это было видно по частым заказам от населения в виде окон, дверей, сундуков, круглых столов для юрт пастухов и других изделий. В доме Станислава до сих пор в почете отреставрированные табуретки, к которым прикасались (прозванные с благодарно-


НА ЖИЗНЬ – СОЛНЕЧНЫЙ!

стью местным населением) «золотые» руки любимого дедушки. Первой оценила творчество, конечно же, любимая мамочка Наталья для которой сын Станислав сделал на балконе подставку для цветов. Ее искренние восторженные эмоции он помнит до сих пор... Счастье, когда души наших родных и близких бьются в унисон.

О себе автор изысканных вещей поделился: « Да, я счастлив с любимой женщиной Юлей и сыном Маликом. У нас есть небольшая творческая мастерская, где мы творим семьей. Многие понравившиеся вещи оставляем себе на память. Картины, панно не обходятся без участия нежных рук жены. Она вносит свою изюминку. Больше это мое хобби, а Юля поддерживает, радуется за меня. Если это будет приносить доход, любая женщина готова терпеть опилки в доме. Все равно их в дом принесешь! Мы их не считаем за грязь. Чтобы создать интересные работы, без природного материала - леса не обойтись! Еще мы спортивная семья, покоряем горы Заилийского Алатау. Оттуда всегда возвращаемся с трофеем - красивыми, интересными корягами, которые используем в творчестве. Так, например, ждут своего художественного воплощения камни и мох, привезенные домой с высоты 4.000 метров над уровнем моря с перевала Туристов. Активно отдыхаем на природе, сплавливаясь по реке Или. Идеи работ все мои. Как появились новогодние игрушки? Увидел в интернете что-то похожее. Захотелось порадовать близких новогодними украшениями на елку. Что-то подарили, что-то реализовали».

Быть друзьями Брыковых – приятно! Они любят ходить в гости и принимать их у себя дома, даря на память о встрече небольшие сувенирчики и презентики! В Қонаеве много зон отдыха, снимаются фильмы. Для них Станислав периодически изготавливает деревянные шедевры. Недавно смастерил кибитку для алматинских заказчиков, которые с удовольствием использовали ее как декорацию для рекламного ролика. Большим успехом оригинальный декор также используется в фотосессиях. Удачным по мнению владельцев было и оформление зоны отдыха «Белый парус» в Қонаеве, где были сделаны деревянный домик и декоративные изделия.

Мастер также занимается цветами, рокарием в ландшафтном дизайне с использованием металла. Его




работами можно любоваться в торгово-развлекательном центре

wildwood_dekor.kz. Благодарен брату Дмитрию



